БЕКІТЕМІН
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор

_____ Байжуманов М.Қ.
«04» 05 2023ж.

ОҚЫТУШЫЛАРЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тіркеу №09

ТАРАЗ 2023

© Бұл «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫСӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Жұмыс тобымен әзірленген, жұмыс тобының жетекшісі – т.ғ. к., проф. А.К.Малибеков	/қолы/	15.03.23 ж.
	Н.П.Чернявская – Тіркеу офисінің директоры.	/қолы/	15.03.23 ж.
2.ЕНГІЗІЛДІ	Академиялық саясат департаментімен		
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	Қажеттілігіне қарай		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	15.01.2021 ж. № 20 бұйрығымен бекітілген ҚЕ 2-1-4-2020 «Оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылардың академиялық адалдық ережелері» орнына		
5.ТАРАТУ	Декандарға, кафедраларға		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің **Академиялық кеңесінің шешімі бойынша** М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор «04» 05 2023ж. №165 бұйрығымен		
7.КЕЛІСІЛДІ:	Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы С.М.Лайык	/қолы/	24.03.23 ж.
	Персоналды басқару қызметінің бастығы Д.С. Жылқыбаева	/қолы/	24.03.23 ж.
	Заң кеңесшісі М.Б. Қайназарова	/қолы/	24.03.23 ж.
	Су шаруашылығы және табиғатты реттеу институтының директоры Шилібек К. К.	/қолы/	24.03.23 ж.
	Ұстаз институтының директоры Джолдасова О.К.	/қолы/	24.03.23 ж.
	Ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Мұратова Г.И.	/қолы/	24.03.23 ж.
	Экономика және құқық факультетінің деканы Ернишев К.А.	/қолы/	24.03.23 ж.
	Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Мамырханова Ж.Т.	/қолы/	24.03.23 ж.
	Технологиялық факультет деканының міндетін атқарушы Ташмухамедов Ф.Р.	/қолы/	24.03.23 ж.
	Өнер және спорт факультетінің деканы Нурпеисов М.К.	/қолы/	24.03.23 ж.

Осы құжат М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Ғылыми кеңес хаттамасынан көшірме	Н 2-1.14-2022 1 баспа 02.02.2022	DULATY UNIVERSITY

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
2023 жылғы 05 сәуірдегі Ғылыми кеңес мәжілісінің
№ 9 хаттамасынан
ҮЗІНДІ

Төраға: Байжұманов М.Қ.
Хатшы: Жұмабаева А.М.
Қатысқандар: 25 Ғылыми кеңес мүшесі (31 Ғылыми кеңес мүшесінің 6-ы себепті).
Тыңдалды:
3.6. «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті оқытушыларының, қызметкерлері мен студенттерінің академиялық адалдық ережесін» («Правила академической честности преподавателей, сотрудников и обучающихся») бекіту туралы тіркеу офисінің директоры Чернявская Наталья Петровна ұсыныс жасады. Жаңадан бекітілген нормативтік құжаттарға байланысты ереже мәтініне енгізілген өзгерістермен таныстырып өтті.
Ғылыми кеңес мүшелерінің кворумы жиналуымен (кеңестің 31 мүшесінің 25 мүшесі) жүргізілген ашық дауыс берудің негізінде:
«ия» - 25, «қарсы» - жоқ , «қалыс қалғандар» - жоқ
қабылданған

ШЕШІМ:
1. «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті оқытушыларының, қызметкерлері мен студенттерінің академиялық адалдық ережесі» («Правила академической честности преподавателей, сотрудников и обучающихся») бекітілсін.

Ғалым хатшы **А.М. Жұмабаева**

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

Хаттама	Н 3-6.34-2022 1 баспа 02.02.2022	DULATY UNIVERSITY

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Академиялық кеңес мәжілісінің
№ 6 хаттамасынан көшірме

«**10**» наурыз 2023 ж.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

3.1) Дулати Университетінің оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық Ережесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу

Баяндамашы: ТО директоры Н.П. Чернявская

3.1 мәселе «Дулати Университетінің оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық Ережесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу» мәселесі бойынша тіркеу офисінің директоры Н. Чернявская баяндама жасады.

Ұсынылып отырған толықтырулар мен өзгерістер жоғарыда аталған ережені өзектендіру мақсатында енгізілгенін атап өтті. Құжат құрылымдық бөлім басшыларының назарына алдын ала беріліп, басшылар тарапынан берілген дәлелді ұсыныстар негізінде құжатқа өзгерістер енгізілгенін ескертті. Н. Чернявская құжатқа енген өзгерістермен кеңес мүшелерін таныстырды.

Академиялық кеңес мүшелері енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бірауыздан қолдады.

ШЕШІМІ:

1. Тіркеу офисінің директоры Н. Чернявская ақпараты назарға алынсын.
2. Толықтырулар мен өзгерістер енгізілген «Дулати Университетінің оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық Ережесі» Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылсын.

Жауапты: Тіркеу офисінің директоры Н. Чернявская
Мерзімі: 28.03.2023 ж

Хатшы Муса-Ахунов А.

1

МАЗМҰНЫ

1.	Қолданылу саласы	4
2.	Нормативтік сілтемелер.....	4
2.1	Нормативтік құжаттар.....	4
3.	Негізгі терминдер, қысқартулар және белгілер.....	4
3.1	Негізгі терминдер.....	4
3.2	Қысқартулар.....	5
3.3	Шартты белгілер.....	6
4.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	6
5.	Негізгі ережелер.....	6
5.1	Жалпы ережелер.....	6
5.2	Академиялық адалдық принциптері.....	7
5.3	Зерттеу және шығармашылық этика ережелері.....	7
5.4	Академиялық адалдықты бұзу түрлері.....	8
5.5	Процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.....	10
5.6	Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік.....	11
6.	Тәуекелдерді басқару.....	15
7.	Қосымшалар.....	18
	Қосымша А. Танысу парағы.....	21

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы ереже КЕАҚ «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетітінің» оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық қағидалары (бұдан әрі – Ереже) академиялық тәртіптің негізгі қағидаларын бекіту мақсатында әзірленді. Университет, факультеттер/институттар, білім алушылар мен әкімшілік қызметкерлер ЖОО-дағы зияткерлік ортаның адалдығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Қағида	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы, 20.01.2023ж. № 23 бұйрыққа сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен
Қағида	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №563 бұйрыққа сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен
Қағида	Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы 06.10.2022ж. өзгерістер мен толықтыруларымен.
ҚР Конституциясы	ҚР Конституциясы 30.08.1995 ж., ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2023 жылғы 1 қаңтардағы Заңына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен.
ҚР заңы	ҚР Еңбек кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы 414-V Заңы, 03.01.2023ж. № 188-VII Заңына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен
ҚР заңы	Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 12 қаңтардағы өзгерістер мен толықтыруларымен
ҚР заңы	Европалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы конвенцияны бекіту туралы ҚР Заңы,13. 12. 1997ж № 202-1
ҚР заңы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, ҚР 18.11.2015 ж. № 410-V заңы, 03.01.2023ж. № 188-VII ҚР Заңына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен
ҚР заңы	Педагог мәртебесі туралы ҚР заңы, 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645, ҚР 03.05.2022ж № 118-VII Заңына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен
Әдістемелік нұсқаулар	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидаттарын іске

	асырудың әдістемелік нұсқауларын бекіту туралы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №587)
Стандарт	ISO37001/СТРК3049 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық
УСТ 01	Сапа менеджменті жүйелері. Университет стандарты. Құжатталған ақпаратты басқару
УСТ 02	Сапа менеджменті жүйелері. Университет стандарты. СМЖ құжаттамасын құруға, мазмұндауға және ресімдеуге қойылатын талаптар
УСТ 07	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы ережеде нормативтік құжаттарға сәйкес анықтамалар пайдаланылады.

Адалдық	бұл адамгершіліктің маңызды талаптарының бірін көрсететін моральдық қасиет
Академиялық әділетсіздік	бақылау жұмыстарын, эсселерді, емтихандарды, рефераттарды, курстық, дипломдық, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарды және т. б. орындаумен байланысты алдаудың кез келген түрі.
Тәртіптік-сыбайластық теріс қылық	жүргізілген қызметтік тексерумен белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар, қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайтын, қолданылып жүрген заңдарда тәртіптік жауапкершілік көзделген қызметтік құқық бұзушылық.
Сенімділік	біреудің адалдығына, шынайылығына деген сенімділік; бір нәрсенің дұрыстығына және біреуге немесе бір нәрсеге деген көзқарасқа негізделген. Сенімге қиянат жасау көбінесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен бірге жүреді.
Сенімді теріс пайдалану	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған к езде сенімді қатынастарды пайдалану. Сенім адамның мінезінің қасиеті ретінде сенімділіктен ерекшеленуі керек. Сенім кез-келген заңды немесе нақты ұстанымдарға негізделген.
Қызметтік өкілеттіктерді пайдалану	лауазымды адам өз құзыреті аясында жасайтын, бірақ өзінің мазмұны бойынша тиісті орган қызмет ететін мақсаттар мен міндеттерге қайшы келетін іс-әрекеттер.
Дау-дамай	жауапты мемлекеттік қызметті атқаратын адамдардың, мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдар мен олардың қызметтік өкілеттіктері арасындағы жеке мүдделер арасындағы қайшылық, оларда осы адамдардың жеке мүдделерін және (немесе) олардың қызметтік міндеттерін тиісінше орындамауына әкелуі мүмкін.
Парасаттылық	айналасындағылардың адамның өмір салтын және оның көрсеткен жағымды жеке қасиеттерін бағалауы; қоғамдық тұрғыдан құрметті азамат - бұл заңға бағынатын қоғамның мүшесі, оның абыройын түсіруге болмайды.

3.2 Қысқартулар

Аталған ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

УСТ университет стандарты;
АжСМБ аккредиттеу және сапа менеджмент бөлімі
СМЖ сапа менеджмент жүйесі;
ПОҚ профессор-оқытушылар құрамы;
ӘБП әкімшілік-басқару персоналы;
АСД академиялық саясат департаменті;
ТО тіркеу офисі;

3.3 Шартты белгілер

Осы Ережеде келесідей шартты белгілер пайдаланылады:



4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1 Осы Ережені университет ректоры бекітеді.

4.2 КЕАҚ «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университететінің» оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық ережелерін» СМЖҚ енгізу үшін жетекшілік ететін проректор жауапты.

4.3 Осы Ереженің УСТ 01 УСТ 02 талаптарына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады.

4.4. Осы рәсімнің қадағалаушысы жетекші проректор болып табылады. Жетекші проректораталған құжаттың негізгі ережелерін түсіндіру бойынша оқытушыларды, қызметкерлерді және студенттерді ақпараттандыруды қамтамасыз етуге; университетте академиялық адалдық қағидаларының жүзеге асырылуына бақылау мен мониторинг жүргізуге; осы Ережелер бұзылған жағдайда шаралар қабылдау жөніндегі жұмысты үйлестіруге міндетті.

4.5 Өзгерістерді әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ 02 -ға сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.6 Осы ереженің жобасын келісу СНӨ-мен, бірінші проректормен, факультет декандарымен / институт директорларымен жүзеге асырылады және «келісу парағында» ресімделеді.

4.7 Түпнұсқаның Дулати университетінің АжСМБ бөліміне сақтауға берілуіне ЖТ басшысы жауапты болады.

4.8 Түпнұсқаның сақталуына жауапкершілік Дулати университетінің АжСМБ бөліміне жүктеледі.

4.9 Абоненттерге есепке алынған жұмыс даналарын тарату жауапкершілігі ТО-на жүктеледі. Құжатты тираждауға «Dulaty University» баспасының директоры жауапты.

4.10 Ескерілген жұмыс даналары келесі мекенжайлар бойынша жіберіледі: Дулати университетінің АжСМБ бөлімі, АСД, тіркеу офисі, факультет деканаттары / институт директорлары. Есепке алынған жұмыс даналарын беру УСТ 01 сәйкес тіркелуі тиіс.

5. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Жалпы ережелер

КЕАҚ «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» (бұдан әрі – Дулати Университеті) болашақ мамандарды қалыптастыруда басты өмірлік құндылық ретінде парасаттылықты дәріптейтінін мәлімдейді. Оқу, ғылыми-зерттеу және білім беру процестерінің шешуші көрсеткіштері - бұл әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамға қызмет етуге дайын болуды тәрбиелейтін, кәсіби шеберлік пен белсенді азаматтық ұстанымның үйлесуіне қол жеткізуге бағытталған білім беру бағдарламаларының бағыты болып табылады.

Аталған Ереженің **мақсаты** - оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың академиялық мінез-құлқына қатысты университеттің ұстанымын түсіндіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілеу болып табылады.

Университет жауапты:

- дипломымен расталған білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау сапасына;
- білім алушыларға академиялық адалдық қағидаттарын сіңірген оқытушының жоғары жауапкершілігін сақтауына;
- ПОҚ мен қызметкерлерді жалдау (жұмысқа қабылдау) және жоғарылату кезінде адалдық пен жауапкершілікті сақтауға;
- ғылыми зерттеулерге арналған гранттарды игеру кезінде академиялық адалдықты сақтауға, осыған байланысты академиялық және зерттеу жұмыстарына ұсынылған барлық жазбаша жұмыстарды плагиатқа міндетті тексеруді қамтамасыз етуге;
- талапкерлерді қабылдау және бос білім беру гранттарын бөлу кезінде, сондай-ақ білім алушыларға жатақханада орын бөлу кезінде адалдықты сақтауға.

Университеттің әкімшілік персоналы, профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттері университеттің тұтастығын, академиялық адалдығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті бөліседі. Барлық оқытушылар, студенттер мен қызметкерлер академиялық адалдық ережелерін қолдауға, сақтауға және насихаттауға, Университет Жарғысының, оқытушының ар-намыс кодексінің және студенттің ар-намыс кодексінің талаптарын қатаң сақтауға міндетті.

Білім алушылар тапсырмалардың барлық түрлерін өз бетінше орындауға және зерттеу жұмыстарын жүргізуге жауапкершіліктерін түсінуі, оқу процесінде, емтихан кезінде және т.б. белгіленген ережелер мен нұсқауларды орындауы керек.

Оқытушылар мен қызметкерлер білім алушыларға ережелер мен нұсқаулықтарды ұсынуға және түсіндіруге, қабылданған Академиялық адалдық ережелерін бұзуға жол бермеуге назар аударуға міндетті. Білім алушылар тарапынан академиялық арсыздықтың пайда болуын болдырмау үшін университет оқытушылары мен қызметкерлерінің өздері академиялық адалдықтың үлгісі және кепілі болуға тиіс.

5.2 Академиялық адалдық принциптері

Академиялық адалдық – жұмысты өз бетінше орындауда, басқаның зияткерлік еңбегін құрметтеуде және теріс пиғылды тәжірибеде бас тартуда көрінетін адал, шынайы және жауапты мінез-құлықты қамтитын, академиялық және ғылыми ортадағы құндылықтардың, қағидаттар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы.

Білім беру процесіндегі (бірақ олармен шектелмейді)академиялық адалдықтың негіздері төменде тізбеленген қағидаттар болып табылады:

– **парасаттылық** – айналасындағылардың адамның өмір салтын және оның көрсеткен жағымды жеке қасиеттерін бағалауы; қоғамдық тұрғыдан парасатты азамат – көпшілікке жария етуге болмайтын қоғамның заңға бағынатын мүшесі;

– **адал ниеттілік** – талап етілетін жұмыс түрлерін адал, лайықты орындау;

– **парасаттылық** дегеніміз – әрқашан өз уәделерін орындауға тырысатын және басқаларға қасақана зиян тигізбейтін адамның адамгершілік қасиеті;

– **адалдық** – парасаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірі, шыншылдықты, адалдықты, қабылданған міндеттемелерге адалдықты, өзінің және басқалардың алдында шынайылықты қамтиды;

– **автордың және оның ізбасарларының құқықтарын қорғау** – басқа біреудің сөзін, ойларын дұрыс жеткізу және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлықты тану және авторлық құқықтың мәні болып табылатын туындыларды қорғау;

– **ашықтық** – айқындылық, өзара сенім, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпарат пен идеялармен ашық алмасу;

– **құқықтар мен бостандықтарды құрметтеу** - пікірлер мен идеяларды еркін білдіру құқығы;

– **теңдік** - әркімнің Академиялық адалдық ережелерін сақтау міндеті және оларды бұзғаны үшін бірдей жауапкершілік.

5.3 Зерттеу және шығармашылық этика ережелері

Зерттеу қызметінің этикасы плагиаттың кез-келген түрінен үзілді-кесілді бас тартуды, сондай-ақ зерттеулерді ұйымдастыру, жүргізу, деректерді талдау және нәтижелерді жариялау кезіндегі жосықсыз әрекеттерді білдіреді.

Қызметкерлер мен білім алушылар зерттеу этикасы ережелерін сақтайды: кез келген зерттеу практикалық және әлеуметтік маңызы бар сенімді деректерді алу мақсатында негізделген және ұйымдастырылған болуы тиіс; деректерді жинауды жүргізетін тұлға жоспарланған зерттеу жүргізу туралы Университеттің ғылыми қызметін ұйымдастыру жөніндегі бөлімшені хабардар етуі тиіс.

Университеттің оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушылары зерттеу этикасы ережелерін сақтамағаны үшін жеке жауап береді; зерттеу тобының жетекшісі немесе шығармашылық жұмыстар авторлары ұжымының жетекшісі, зерттеу этикасы ережелерін сақтамаған топ мүшелері үшін жауапты болады.

Университетте дайындалған зерттеу жұмыстарының жарияланымдарында университетке тиісті сілтеме жасалуы керек. Университет ғалымдарының ғылыми мақалалары мен басқа да еңбектерін жариялауға ұсыныс беру мақсатында, жариялау мүмкіндігі туралы Сараптамалық комиссияның сараптамалық қорытындысын алу қажет.

5.4 Академиялық адалдықты бұзу түрлері

Осы Ережеде академиялық адалдықты бұзудың келесі түрлері сипатталады:

1) **Плагиат:** басқаның еңбегінің қорғалатын нәтижелерін, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметінің нәтижелерін әдейі немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе билік ету, ол басқа адамдарға өзі туралы нақты автор ретінде жалған мәліметтер беру арқылы көрініс табады. Плагиаттың негізгі және міндетті белгісі - авторлық құқықты иемдену. Сюжетті, шығарманың тақырыбын немесе ғылыми идеяны оларды алынған формада емес, басқа форма түрінде қолдану плагиат ретінде танылмайды. Кейбір идеялардың сәйкес келуі де плагиат ретінде таныла алмайды, өйткені авторлар көбінесе бір-біріне тәуелсіз шығармашылықтың ұқсас нәтижелеріне келеді. Төмендегі көрсетілгендер Плагиат болып табылады:

- басқа адамның идеяларын, тұжырымдарын, мәлімдемелерін тиісті дереккөздерді көрсетпей ұсыну, бастапқы дереккөзін көрсетпей мәтінді бір тілден екінші тілге аудару;

- мәтіннің бөліктерін немесе бүкіл мәтінді басқа тұлғаның жазбаша жұмысынан тиісті дәйексөзсіз және түпдерекке сілтемесіз тікелей көшіру (сондай-ақ материалдарды Интернеттен немесе басқа да электрондық дереккөздерден көшіруге жатады);

- мәтін элементтерін өзгертіп айту немесе дереккөзді дұрыс көрсетпей сөздерді ішінара ауыстыру;

- графиктерді, кестелерді, суреттерді, сызбаларды және ақпараттың басқа да көрнекі бейнелерін бастапқы дереккөзін көрсетпей және/немесе автордың келісімінсіз пайдалану;

- бірлескен зерттеулердің немесе басқа оқу тапсырмаларының нәтижелерін беру;

- басқа адам толық немесе ішінара орындаған жұмысты өз атынан тапсыру немесе жариялау;

- жұмыс мәтінін әдейі бұрмалау, атап айтқанда, әріпті ауыстыру, басқа алфавиттердің таңбаларын пайдалану, жұмыс мәтініне арнайы таңбалар қосу, сөздердегі таңбалар ретін өзгерту, мәтінді таңбалар бөлігінен айыру және т. б.

1) **Плагиат**-бастапқы мәтінге тиісті сілтемелер көрсетілмей, жаңа деректер мен қорытындылардың болмауы нәтижесінде бұрын жарияланған меншікті мәтінді толық немесе ішінара пайдалану.

2) **Бұрмалау**: академиялық жазбаларды немесе басқа құжаттарды қолдан жасау; деректер (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылаулар, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасау); академиялық жұмыстағы қолдар; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру (бағаларды қолдан жасау, жұмыстарды бекітілген критерийлер бойынша немесе тапсырмаларға жауаптар бойынша бағалау (оқытушы тарапынан); журналдардағы және басқа құжаттардағы (медициналық анықтамалардағы, ведомостардағы және т.б.) жазбаларды бұрмалау немесе қолдан жасау; басқа білім алушының академиялық жұмысына түзетулер енгізу немесе әдейі қолдан жасау;

Жалған (фабрикация) болып төмендегілер есептеледі:

- эмпирикалық деректерді зерттеу нәтижелерінің жалғандығы, үшінші тұлғалардың өз жұмыстары ретінде жүргізген ғылыми жұмыстарының/еңбектерінің ұсынылуы;

- Пікірлер, Рецензиялар, ұсынымдар және қол қоюшы үшін сипаттамалар жобаларын дайындау;

-қандай да бір жалған құжаттарды (жалған немесе жасанды медициналық анықтамаларды немесе еңбекке жарамсыздық парақтарын) ұсыну;

-оқу жұмысының мазмұнын саналы түрде бұрмалау: академиялық түрде жалған мәліметтерді ұсыну, деректер және зерттеулер мен эксперименттердің нәтижелерін ауыстыру, зерттеу барысында алынған жалған ақпаратты ұсыну, жарық көрмеген мақалалар мен ойдан шығарылған дереккөздерге сілтемелер.

1) **Имперсонация** (өзін басқа адам ретінде көрсету): басқа студенттерге де, университет оқытушысына да, қызметкеріне де бақылаудың кез келген түрін тапсыру және т.б.;

2) **Академиялық ақпаратқа заңсыз қол жеткізу және (немесе) оны тарату / емтихан материалдарын заңсыз сатып алу:** емтихан материалдарын емтиханға дейін жауапсыз қызметкерлердің көмегімен емтихан алушының рұқсатынсыз не емтихан алушының өзінен алу; бөтен рефераттар мен басқа да тапсырмаларды сатып алу немесе алудың өзге де жолдары;

3) **Алдау** - оқытушыға немесе оқытушырларға жалған ақпарат беру (өткізіп алған сабақтың жалған себебі немесе жұмыс тапсырылды деген жалған мәлімдеме);

4) **Алдауға жәрдемдесу**: университетте қабылданған Академиялық адалдық ережелері мен Ар-намыс кодекстеріне қайшы келетін іс-әрекеттер жасаған адамға көмек көрсету;

5) **Қатерлер:** ***қорқыту, бопсалау:*** біреуге зиян, жамандық (оның ішінде қызметтік жағдайын пайдалана отырып) келтіруге уәде беру; жария ететін мәліметтерді (шынайы немесе жалған) жария ету қатері;

6) **Параға сатып алу** – университет оқытушыларына немесе қызметкерлеріне сыйақыны әртүрлі формада немесе сыйақыны өзге де жеке мүдделіліктен қайтарымсыз беру, сондай-ақ осындай әрекеттерге итермелеу;

10) **Жасыру** - оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар тарапынан Ар-намыс кодексі нормаларының сақталмауы, жұмысты жауапсыз орындау, ақпаратты жасыру және үндемеу туралы;

11) **Емтихан кезінде ереже қағидаларын бұзу**: оқытушымен рұқсат етілмеген кез келген жазбаша деректерді, анықтамалық әдебиетті, ұялы телефондарды және басқа да таратушы және қабылдаушы электрондық құрылғыларды пайдалану; басқа білім алушылардан көшіру және көмек сұрау; емтихан жұмыстарындағы (жазбаша емтихан кезінде) емтихан билетінің сұрақтарына жауап берумен байланысты емес ерекше белгілер; тапсырылған жұмыстарға түзетулер, толықтырулар енгізу;

12) **Бірлескен авторлыққа мәжбүрлеу** - топтық жұмысты көздемейтін жоба бойынша бірлескен жұмыс;

13) **Қайталау** - әр түрлі бағалау мен талаптардың аясында белгілі бір жұмысты ұсыну, оның ішінде, алдын-ала ПОҚ-ның рұқсаты болмаған жағдайда, бұрын басқа курста бағаланған кез-келген жұмысты өзінің жеке, ішінара немесе толықтай қолдану әрекеті, тіптен өзі авторы болса да;

14) **Көшіру** - білім алушының немесе қызметкердің біреудің зияткерлік өнімін көшіруді көздейтін жосықсыз әрекеті;

15) **Сөз байласу** - кез келген академиялық жұмысты орындау туралы білім беру процесінің субъектілері арасындағы басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау туралы өзара келісім жасауы.

Академиялық адалдықты бұзу түрлерінің осы тізбесі толық болып табылмайды және қажеттілігіне қарай толықтырылуы мүмкін.

5.5 Процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

Университеттің білім алушылары, оқытушылары мен қызметкерлері оқуға немесе жұмысқа түсу кезінде осы Ережемен кафедрада немесе бөлімшеде жазбаша түрде танысуы тиіс.

Кураторлар студенттерді бағдар беру аптасы кезінде немесе семестрдің бірінші оқу аптасында құжатпен таныстыруға міндетті.

Университет студентінің Ар-намыс кодексі, университет оқытушысының Ар-намыс Кодексі және осы Ережені міндетті түрде танысу парағына қол қойғызып таныстырылуға және кафедрада сақтауға тиіс.

Еңбек шартында, сондай-ақ оқыту шартында осы ережелерді сақтау жауапкершілігі жеке тармақта көрсетілген. Осы Қағидалардың нормаларын білмеген жағдайда оларды сақтамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

5.5.1 Оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылар құқылы:

1) танысу парақтарында қол қоюмен расталатын және тиісті құрылымдық бөлімшелерде сақталуға тиіс осы Ережелердің мәтінімен танысуға құқылы;

2) Осы Ережелерді бұзды деп негізсіз айыптаудан қорғауға және дәлелдемелер ұсынуға құқылы;

3) Университет қабырғасында академиялық қызмет барысында өз пікірін еркін білдіруге;

4) Университет оқытушысының ар-намыс кодексінде және ЖОО студенттерінің ар-намыс кодексінде жазылған өзге де құқықтар.

Сонымен қатар студенттер құқылы;

1) аралық және қорытынды бақылау нәтижелерін мынадай негіздер бойынша апелляцияға беруге:

- сұрақтардың дұрыс қойылмауы, олардың бағдарлама шеңберінен шығуы, тапсырмалар мен тест тапсырмаларына жауаптардағы қателер;

- оқытушының аралық немесе қорытынды бақылау жүргізудің белгіленген рәсімін бұзуы;

- жұмыс үшін баға қою әдістемесін бұзу;

- оқытушылардың жұмысын объективті бағалауға кедергі келтіретін жағдайлар.

2) оқытушылар, қызметкерлер немесе басқа да білім алушылар тарапынан Академиялық адалдық ережелерінің бұзылғаны анықталған жағдайда, тиісті құрылымдық

бөлімшелерге - факультет деканатына / институт директоратына, Тіркеу офисіне немесе тікелей Әдеп жөніндегі кеңеске, студенттік омбудсмендерге жүгінуге, сондай-ақ бұл үшін университет сайтындағы «ректор блогын» пайдалануға құқылы.

5.5.2 Оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың міндеттері

5.5.2.1 Оқытушы міндетті:

1) Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзудың кез келген мүмкіндігіне ұдайы кедергі келтіруге;

2) оқу процесі кезінде:

-белгіленген мерзімде LMS-ке жүктеу және / немесе өзге тәсілмен білім алушыларға пән бойынша оқу-әдістемелік материалдарды (силлабус, әдістемелік нұсқаулар, бақылау материалдары) беру;

- оқу процесінде өз пікірін дұрыс білдіруге үйрету;

- шынайы және сенімді дереккөздерді таңдауда білім алушыларды оқыту және оларға қолдау көрсету;

сабақ кезінде түсіндірме, сілтеме, қолданылған әдебиеттер тізімін қалай құрастыруға болатындығын үйрету, басқалардың сөздері мен ойларын рәсімдеу тәсілдеріне назар аудару;

орындалған жұмысқа барлық қатысушылардың авторлығын көрсете отырып, қағаз, электронды, цифрлық тасымалдағыштарда жобалық іс-әрекетті жобалауды үйрету;

3) ағымдағы және аралық бақылау кезінде:

-қорытынды бақылау іс-шараларын орындау алдында білім алушылармен мынадай мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу: тапсырмаларды орындау ерекшеліктері, өлшемді бағалау, жұмыстарды/тапсырмаларды ұсынудың соңғы мерзімдері, айыппұл санкциялары, бақылау тапсырмаларын орындау кезінде академиялық адалдықты сақтау;

-жұмыстың/тапсырманың барлық түрлерін бағалау кезінде Академиялық адалдық ережелерін мүлтіксіз сақтау;

4) емтихан сессиясы кезінде: тиісті нормативтік-әдістемелік құжаттамада көрсетілген, университетте қабылданған талаптарға сәйкес белгіленген нысан бойынша кестеде белгіленген мерзімде ғана емтихан өткізу;

- белгіленген мерзімде деректер базасына және ведомостарға баға қою.

5.5.2.2 Білім алушылар міндетті:

- барлық бақылау іс-шараларын орындау кезінде Академиялық адалдық ережелерін мүлтіксіз сақтау; академиялық адалдықтың көрінісі үшін жауапкершілік туралы білуге;

- тапсырмалардың барлық түрлерін өз бетінше орындауға;

- басқа білім алушыларға өз жұмыстарын ұсынбауға;

- басқа адамдардың зияткерлік меншігін пайдаланудың негізгі қағидаларын сақтауға; кез-келген жазбаша жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсетуге;

- университеттің оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушылары тарапынан Академиялық арсыздық көріністері туралы белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті.

5.5.2.3 Қызметкерлер міндетті:

- Академиялық адалдық ережелерін жұмыс тәжірибесіне енгізуге ықпал ету және осы ережелерді бұзудың кез келген мүмкіндігіне жол бермеуге;

- әрбір құқық бұзушылық жағдайы туралы басшылықты хабардар етуге;

- зияткерлік және адамгершілік білім беру үшін жағдай жасауға;

- академиялық адалдықты қолдау және жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысты іс-шараларға қатысуға міндетті.

5.6 Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

5.6.1 Жалпы қағидалар

Академиялық адалдықты бұзу мәселелерін ұжымның кез келген мүшесі – білім алушы, оқытушы, қызметкер қоя алады, олар үшін әділеттілік қағидаттары мен сапалы оқыту мен зерттеудің құндылықтары қызметтің басты басымдығы болып табылады.

Университеттің Академиялық адалдық ережелерін бұзуға қатысты көтерілген кез келген мәселені өтініш жасалған тиісті тұлға қарауы тиіс. Өз кезегінде соңғысы академиялық адалдықты бұзу фактілерін әділ бағалау және мәселені жан-жақты зерделеу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Аталған Ережелердің нормаларын бұзған оқытушылар мен университет қызметкерлеріне қатысты ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне, еңбек шартына және осы құжаттың талаптарына сәйкес тәртіптік шаралар қолданылады.

5.6.2 Академиялық адалдық нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік нысандары.

5.6.2.1 Академиялық адалдықтың барлық құқық бұзушылықтары, сондай-ақ университетте нормаларды бұзғаны үшін тәртіптік жазалар үш санатқа бөлінеді.

Тиісінше:

- елеусіз болып сараланатын **бірінші санаттағы** құқық бұзушылықтар кафедрада немесе құрылымдық бөлімшеде қаралады,

- **орта ретінде жіктелетін екінші санат** - факультет/институт Кеңесіне шығарылады,

- **үшінші** санат елеулі бұзушылықтар ретінде жіктеледі және этика Кеңесінде талқылауға жатады.

5.6.2.2 Бірінші санаттағы академиялық құқық бұзушылықтар. Бұл құқық бұзушылықтар білмеуі салдарынан туындауы мүмкін және ниеттің салдары емес, мысалы:

а) білім алушылар үшін: көлемі бойынша шағын тапсырмаларда сілтемелердің немесе дереккөздерге тиісті сілтемелердің болмауы; дәйексөздерде қателердің болуы және т.б., оқытушыны дұрыс хабардар етпеу және т. б.,

ә) оқытушылар мен қызметкерлер үшін: оқудан шығару немесе курсты қайта оқу түрінде ауыр зардаптарға әкеп соқтырмайтын академиялық саясат мәселелері бойынша білім алушыларды дұрыс хабардар етпеу немесе хабардар етуден бас тарту және т. б.

Академиялық бұзушылықтың бірінші санаттағы түрі бойынша қолданылатын тәртіптік жазаларға) білімгерлер үшін: қайта тапсыру құқығынан айырылып, нақты тапсырма үшін «0» балл немесе қосымша тапсырма беру, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы университет іс-шараларына міндетті түрде қатысу, хаттамада ақпаратты белгілей отырып, академиялық топ отырысында міндетті талқылау;

б) оқытушылар мен қызметкерлер үшін: сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы университеттің іс – шараларына міндетті түрде қатысу, осы тақырып бойынша белгілі бір тапсырмалар, хаттамада ақпаратты жазып, кафедра немесе бөлімше отырысында міндетті түрде талқылау, мүмкіндігінше ауызша ескерту немесе ескерту.

5.6.2.3 Екінші санаттағы академиялық бұзушылықтар:

- тәртіптік жазалардың бұрын қолданылуына қарамастан, бірінші санат бойынша қайталанған (хаттамаларда тіркелген жағдайлар) бұзушылықтар;

а) білім алушылар үшін:

- басқа жұмыстың көшірмесі немесе едәуір бөлігі болып табылатын жұмысты, оның ішінде біреуден көп курс бойынша талаптарды қанағаттандыру мақсатында тапсыру; - емтихан кезінде алдау; емтихан кезінде шпаргалкаларды, ұялы телефондарды және басқа материалдарды немесе құрылғыларды рұқсатсыз пайдалану; емтихан уақыты аяқталғаннан кейін жұмысты жазуды жалғастыру; - емтихан кезінде көшіруге ықпал ету; емтихан кезінде басқа адамдарды көмекке тарту;

- жазбаша жұмыстардағы плагиат (түпнұсқалықтың шарттары мен пайызы тиісті құжаттарда сипатталған, 5.6.3.3-тармақты қараңыз);

- тапсырмаларды, сауалнамаларға жауаптарды және т. б. жүктеу мақсатында «Сириус» ОБАЖ немесе «Платон» АЖЖ жеке логині мен паролін үшінші тұлғаларға беру.;

- оқытушыдан немесе емтихан алушыдан емтихан материалдарын сатып алу, тарату, соның ішінде хакерлік әрекеттерді қолдану;

- емтихан кезінде рұқсатсыз ақпарат алмасу әдістерін әзірлеу мақсатында емтихан алдында сөз байласу;
- емтихан сессиясы кезінде ережелерді бұзу (осы құжаттың 5.6.3.2 т. сипатталған);
- имперсонация және сөз байласу;

б) оқытушылар мен қызметкерлер үшін:

- дәлелді себепсіз сабақты өткізбеу,
- жүйеге силлабустың болмауы/енгізілмеуі, бақылау бойынша ақпараттың (ағымдағы, аралық немесе қорытынды деректер базасына) уақтылы енгізілмеуі;
- алдау немесе алдауға жәрдемдесу (құжаттарды бұрмалау, плагиат және емтихан сессиясы кезінде мінез-құлық қағидаларын бұзу фактісін жасыру және т. б.);
- емтиханның өткізілмеуі; емтихандарға қатысы жоқ оқытушылар мен басқа да тұлғалардың себепсіз кіруі, белгілі бір студенттерге көмек көрсету мақсатында емтихан кезінде басқа оқытушылармен немесе қызметкерлермен сөз байласу әрекеттері;
- апелляция беру кезінде жасалған академиялық адалдық саясатын бұзу;
- емтихан сессиясы кезінде ережелерді өзге де бұзушылықтар (осы құжаттың 5.6.3.2 т. сипатталған);
- деректер базасына заңсыз кіру немесе емтихан материалдарын заңсыз тарату;
- қауіп-қатер және тең авторлыққа мәжбүрлеу;
- әріптестердің немесе білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау, жұмыс орнында мас күйде болу;

Екінші санаттағы академиялық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазалар:

а) білім алушылар үшін:

- жұмыс нәтижелерін жою арқылы пән үшін «F» бағасын қою;
- ескерту немесе сөгіс, өкім және жеке іске енгізе отырып тәртіптік жаза қолдану хаттамасы;
- факультет /институт кеңесінде, Әдеп жөніндегі кеңесте қарау;
- хаттамада ақпаратты тіркей отырып, академиялық топтың отырысында міндетті түрде талқылау;

б) оқытушылар мен қызметкерлер үшін:

- жеке іске енгізу арқылы ескерту немесе сөгіс;
- факультет /институт кеңесінде, Әдеп жөніндегі кеңесте қарау;
- кафедра / бөлімше отырысында хаттамада ақпаратты бекітумен қатар міндетті түрде талқылау;
- бөлімшенің қызметін мұқият тексеруге бастама көтеру.

5.6.2.4 үшінші санаттағы академиялық бұзушылықтар:

а) барлығы үшін:

- тәртіптік жазалардың бұрын қолданылуына қарамастан, екінші санат бойынша қайталап бұзушылық;
-қолдан жасалған немесе жалған /әдейі бұрмаланған материалдарды (ғылыми-зерттеу жұмыстары, медициналық анықтамалар, ведомостар, хаттамалар және т. б.) ұсыну арқылы деректерді қолдан жасау немесе бұрмалау, дәл осы фактіні жасыру;
- емтихан тапсыру үшін басқа адамды ауыстыру немесе басқа адам үшін емтихан тапсыру, сондай-ақ осындай әрекеттерге мәжбүрлеу; (мүмкін 2 санат)

б) білім алушылар үшін:

- қандай да бір ірі оқу тапсырмасын, емтиханды, курстық жұмысты, дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік немесе докторлық диссертацияны, ғылыми мақаланы, баяндаманы немесе кез келген басқа жазбаша жұмысты өз жұмысы ретінде ұсыну;

Үшінші санаттағы академиялық бұзушылықтар үшін тәртіптік жаза қолдану:

а) білім алушылар үшін:

- Әдеп жөніндегі кеңесте қарау,
- білім алушыны университеттен шығару;

б) оқытушылар мен қызметкерлер үшін:

- Әдеп жөніндегі кеңесте қарау,
- оқытушыға немесе қызметкерге қатаң сөгіс беру немесе жұмыстан шығару.

Академиялық адалдықты бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдану Дулати университеті ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Дулати университетінің басшылығы білім алушылар мен қызметкерлер үшін академиялық адалдықты бұзудың алдын алу және оған жол бермеу, оның ішінде кеңес беру арқылы қолайлы жағдайлар жасайды.

Жауапкершілік кінәсі дәлелденген жағдайда ғана туындайды, ол үшін жазбаша өтініштер мен түсініктемелер, растайтын қағаздағы материалдар немесе фото және аудиоматериалдар, Дулати университетінің компьютерлік базасынан басып шығарылған деректер пайдаланылады. Әрбір білім алушы, оқытушы немесе ЖОО қызметкері академиялық адалдық ережелерін бұзу мәселелері бойынша өтінішті немесе қызметтік хатты тиісті орындарға қарауға беруге құқылы.

5.6.3 Іс-әрекет тәртібі

5.6.3.1 Жалпы ережелер

Академиялық адалдық ережелерін бұзу фактісін анықтаған қызметкер, оқытушы немесе білім алушы кафедра меңгерушісіне, факультет деканына /институт директорына, Дулати университетінің Әдеп жөніндегі уәкіліне немесе тікелей Әдеп жөніндегі кеңестің кез келген мүшесіне жазбаша өтінішпен жүгінуі тиіс.

Деканатқа жүгінген жағдайда, декан өтінішті қарайды және бұзушылық санатына қарай ағымдағы ережелерге сәйкес шешім қабылдайды немесе осы өтінішті Әдеп жөніндегі кеңестің қарауына жібереді.

Әдеп жөніндегі кеңестің отырысына өтінішті қарау кезінде процеске қатысушылардың барлығы болуы міндетті. Әрбір тарап факт бойынша түсініктеме беруі тиіс – тараптардың кінәсін немесе кінәсіздігін дәлелдейтін барлық құжаттарға қол жеткізуге құқығы болуы керек. Әдеп жөніндегі кеңес Дулати университеті басшылығына тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар шығарады.

5.6.3.2 Аралық аттестаттау кезеңінде жауапкершілікті белгілеу тәртібі

Емтихан кезінде тәртіптің сақталуы үшін жауапкершілік комиссия мүшесіне (прокторға) және оқытушыға жүктеледі.

Емтихан кезінде білім алушы тәртіпті бірінші рет бұзған жағдайда (парақтарды пайдалану, басқа көздерден көшіру, сөйлесу және ережелерге қайшы келетін басқа мінез-құлық) ол ауызша ескерту алады. Білім алушы тарапынан қайта бұзушылық болған жағдайда емтихан кезекшісі (проктор), оқытушы немесе компьютер класының операторы өз бастамасы бойынша немесе тексерушінің нұсқауы бойынша студентке бұл туралы алдын ала ескерте отырып, «Емтиханнан шеттету туралы актіні» толтыруға құқылы. Студентті емтиханнан шеттету туралы акт нәтиженің күшін жою үшін тіркеу офисына беріледі, Актінің көшірмесін тіркеу офисы басшысы тиісті деканатқа береді. Факультет деканы / институт директоры факультет / институт кеңесінің отырысында білім алушының мінез-құлқын қарауға міндетті.

Емтиханға келмеген (оның бұзылуына әкеп соғатын) немесе оқытушының немесе кезекшінің емтиханда дөрекі мінез-құлық, сондай-ақ ЖОО-ның басқа оқытушылары немесе қызметкерлері тарапынан емтихан барысына ықпал ету әрекеттері болған жағдайда, комиссия мүшесі және тіркеу офисының қызметкерлері емтиханды бұзу туралы акт жасайды. Оқытушының / кезекшінің дөрекі мінез-құлқы туралы актінің көшірмесін тіркеу офисының басшысы тиісті шаралар қабылдау үшін деканатқа (оқытушының жұмыс орны бойынша) немесе тікелей Әдеп жөніндегі кеңеске береді.

Аралық және қорытынды аттестаттауды онлайн нысанда өткізу кезінде онлайн прокторинг қолданылады, яғни, жеке тұлғаны верификациялау және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі, ол жазбаның сақталуын, жеке адамды тану мен сәйкестендіруді, шу деңгейін анықтай отырып, бас пен дененің қозғалысын талдауды,

мультифейсті тануды, бөлмені 360 градус режимінде жазуға сұрау салуды, күдікті оқиғаларды логациялауды қамтамасыз етеді.

Онлайн прокторинг талаптарының бұзылуын тіркеген кезде емтихан тапсыру нәтижелері жойылады. Емтихан нәтижелерін жою туралы постмониторинг комиссиясы сәйкес үлгідегі хаттаманы ресімдей отырып шешім қабылдайды.

5.6.3.3 Жұмысты плагиатқа тексеру

Жазбаша жұмыстарды түпнұсқалыққа тексеру бағдарламасын пайдалану тәртібі тиісті әдістемелік нұсқаулықтарда сипатталған.

Онлайн оқыту кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, жазбаша жұмыстардың барлық түрлерін қарыз алу тұрғысынан міндетті түрде тексеру жүзеге асырылады.

6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

6.1-кесте – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Ықтималдық» бағасы

Балл	Сипаттамасы
1	Екіталай (іс жүзінде мүмкін емес)
2	Барынша ықтимал
3	Ықтимал
4	Өте ықтимал

6.2-кесте – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Ауырлық» бағасы

Балл	Сипаттамасы
1	Өте төмен (жағымсыз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға көрінбейді)
2	Орташа (тұтынушылардың қанағаттанбауының бірлі-жарым жағдайлары; салдарын жоюға болмашы шығындар; университет беделіне залалдың болмауы)
3	Жоғары (айыппұлдар, салдарды жою үшін айтарлықтай шығындар. Мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Апатты (қызметті тоқтату, беделін жоғалту)

6.3-кесте. Тәуекелді қабылдау шкаласы

Ауырлық / Ықтимал	**1**	**2**	**3**	**4**
1	1	2	3	4
2	2	4	6	8
3	3	6	9	12
4	4	8	12	16

6.4-кесте - Тәуекелдерді басқару

№	Процесс	Тәуекел/ жағымсыз оқиға	Тәуекелдің қызметке/ процеске әсерін сипаттау	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді азайту бойынша іс-шаралар (тәуекелді өңдеу)	Жауапты	Орындау мерзімдері
				Жағымсыз оқиғаның басталу ықтималдығы/жиілігі (В)	Жағымсыз оқиғаның ауырлық/ықтимал немесе нақты салдары (С)	Бағалау (В*С)			
1	Зерттеу қызметі	Плагиат	Зерттеулерді ұйымдастыру, жүргізу, деректерді талдау және жариялау кезіндегі автордың (лардың) теріс пиғылды әрекеттері	1	3	3	Барлық қатысушыларды Академиялық адалдық ережелерімен уақтылы таныстыру; Барлық ғылыми жұмыстарды плагиатқа тексеру	Оқытушылар, білім алушылар	Академиялық кезең
2	ЖЖВ беру	Бағаларды заңсыз алу	Қандай да бір жалған құжаттарды (жалған медициналық анықтамалар немесе еңбекке жарамсыздық парақтарын) ұсыну	1	3	3	Академиялық адалдық ережелерімен барлық қатысушыларды уақтылы таныстыру; Алынған құжаттардың түпнұсқалығын тексеру	Тіркеу офисі, деканаттар / директораттар, кураторлар білім алушылар	Академиялық кезең
3	Емтихандарды тапсыру	Жоғары баға қою	Емтихан материалдарын емтиханға дейін Емтихан алушының рұқсатынсыз жосықсыз қызметкерлердің көмегімен	1	3	3	Академиялық адалдық ережелерімен барлық қатысушыларды уақтылы таныстыру	Дулати университетінің оқытушылары, қызметкерлері, білім алушылары	Емтихан сессиясы кезеңі

			немесе емтихан алушының өзінен алу						
4	Емтихандарды тапсыру	емтихан кезінде тәртіп ережелерін бұзу:	оқытушы рұқсат етпеген кез келген жазбаша дереккөздерді, анықтамалық әдебиетті, ұялы телефондарды және басқа да таратушы,қабылдаушы электрондық құрылғыларды пайдалану; көшіріп алу және басқа білім алушыларға көмек сұрап жүгіну; емтихан (жазбаша емтихан кезінде) ерекше белгілер	2	3	6	Академиялық адалдық ережелерімен барлық қатысушыларды уақтылы таныстыру; Емтихан тапсыру кезеңінде прокторинг өткізу	Дулати университетінің оқытушылары, қызметкерлері, білім алушылары	Емтихан сессиясы кезеңі

А Қосымшасы.
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

р/н	Аты-жөні, тегі (лауазымы)	Күні	Қолы
1	2	3	4